

Кәсіподақ ұйымы

Мекен-жайы: Ә.Молдағұлова даңғылы 34, бас ғимарат

Е-mail: profcomargu@mail.ru

Кәсіподақ ұйымының төрайымы: Зарлықова Гүлнұр Мұханбетжанқызы

«Қазақстан Республикасының Ақтөбе облыстық білім беру және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» қоғам бірлестігінің филиалы - Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің бастауыш кәсіподақ ұйымы.

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің бастауыш кәсіподақ ұйымы» қоғамдық ұйымы кәсіподақ мүшелерінің мүддесі мен құқығын қорғау мақсатында құрылған еркін қоғамдық ұйым болып саналады. Кәсіподақ ұйымы өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясы, ҚР заңдары, нормативтік-құқықтық актілері, халықаралық құқық нысандары мен «ҚР білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ бірлестігі» қоғамдық ұйымның Жарғысы негізінде жүзеге асырады.

Кәсіподақтың басты қызметі - оқытушы профессорлар мен қызметкерлердің және магистранттар мен студенттердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын және кәсіби құзырын қорғау болып табылады.

Кәсіподаққа біріге отырып, азаматтардың кәсіби мүдделерін қорғауға және Қазақстан Республикасы заңнамаларының негізінде төмендегідей әлеуметтік серіктестік мүдделерін шешуге болады:

- Кәсіподақ мүшелерінің еңбекақыларының уақытылы және әділ төленуі;
- Жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының сақталуы;
- Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік, еңбек, экономикалық құқықтары мен мүдделерін ақысыз заңгерлік қорғау;
- Нағрадаларға ұсыну.

Кәсіподақтың қызметі белсенділік және мүшелердің бастамалары, қабылданған ұжымдық шешімдер принциптеріне негізделген. Университет студенттері мен қызметкерлеріне арналған мәдени және спорттық шараларды ұйымдастыру мен өткізу жұмыстарын жүзеге асырады. Берілген әлеуметтік-экономикалық тәртіп бойынша университет студенттерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі өкілі болып саналады. Студенттерді әлеуметтік қорғау мақсатында, кәсіподақ аз қамтылған студенттер мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге материалдық көмек көрсетеді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің жатақханада ақысыз тұру құқығын сақтау мақсатында ұсыныстар жасайды. Кәсіподақ қойылған мәселелердің нақты орындалуына кепілдік беретін шарттардың іске асуын Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Кәсіподақ ұйымының тексеру комиссиясының мүшелері:

1. Бисембиев Төремұрат Шалабаевич - «Заң пәндері» кафедрасының аға оқытушысы;
2. Сәрсенбаев Берик Онайбаевич - «Физика» кафедрасының оқу шебері;
3. Абдукаримов Абдімұрат Мақатович - «Биология» кафедрасының аға оқытушысы;

Кәсіподақтың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- Кәсіподақтың жарғылық міндеттерін жүзеге асыру, әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіподақ мүшелерінің кәсіби қызығушылықтарын қорғау;
- ҚР еңбек Кодексі және ҚР кәсіподақтар туралы Заңы сақталуын бақылау;
- Қызметкерлердің аттестациясына қатысу;
- Жеке және ұжымдық еңбек дауларын реттеуге қатысу;
- Кәсіподақ мүшелеріне материалдық көмек көрсету, денсаулықтарын нығайту және бос уақыттарын ұйымдастыру;
- Еңбек күзеті саласындағы заңнама сақталуын бақылау;
- Кәсіподаққа қабылдау және кәсіподақ мүшелерінің есебін ұйымдастыру;
- Кәсіподақ мүшелігінің мотивациясын арттыру бойынша ұйымдастырушылық шараларды жүзеге асыру;
- Кәсіподақ жұмысына кәсіподақ мүшелерін тартуды қамтамасыз ететін жағдайларды туғызу;

Кәсіподақ ұйымының барлық отырыстары ашық тәртіпте өткізіліп, барлық сұрақтар шешімі алқалы түрде шығарылады.

Кәсіподақ ұйымы - университеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы жоспарларын құру мен жүзеге асыруға, қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту жөніндегі ережелер мен нормаларды және қауіпсіздік техникасын сақтау жұмыстарының ұйымдастырылуына белсене қатысады.